



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

БҰЙРЫҚ № 49

Жайсан селосы

«3» қараша, 2025 жыл

**«Жайсан арнайы білім беру ұйымы»
КММ-нің білім беру қызметіне
өзін-өзі бағалауын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 59-бабына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар туралы» 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығы және Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 20.02.2024 ж. №89 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жайсан арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 3 қараша – 26 қараша аралығында білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау өткізілсін.
2. Білім беру қызметіне өзін-өзі бағалауды өткізу комиссиясының құрамы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.
3. «Жайсан арнайы білім беру ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өзін-өзі бағалау жұмысының жоспары осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес құрылып, бекітілсін.
4. «Жайсан арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытындысы 2025 жылдың 26 қарашасында № 3 педагогикалық кеңес отырысында талқыланып, ұжымға таныстырылсын.
5. «Жайсан арнайы білім беру ұйымы» КММ-нің білім беру қызметіне өзін-өзі бағалау бойынша құжаттар интернет-ресурсқа уақытылы орналастырылсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
7. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Мектеп директорының міндетін атқарушы



А.Динасилова